

**2014 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға тапсырысты беру мерзімдерін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 мамырдағы N 247 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 мамырда N 2813 болып тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 31.10.2014 N 547 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы Қаулысымен бекітілген, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау Қағидасының 12 тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға тапсырысты беру мерзімдері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары И.И. Турковқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 5 мамырынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімі	С. Салтықов
	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 04 маусым № 247 қаулысына қосымша

**2014 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар беру мерзімдері**

р/с №	Дақылдар атауы	Өтінім ұсыну мерзімдері	Егістіктің оңтайлы мерзімдері
1	Жаздық жұмсақ бидай, орташа ерте пісетін сұрыптар	25 мамырға дейін	28 мамырдан 05 маусымға дейін
2	Жаздық жұмсақ бидай, орташа пісетін сұрыптар	25 мамырға дейін	20 мамырдан 30 мамырға дейін
3	Жаздық жұмсақ бидай, орташа кеш пісетін сұрыптар	25 мамырға дейін	18 мамырдан 25 мамырға дейін
4	Жаздық қатты бидай	25 мамырға дейін	20 мамырдан 25 мамырға дейін
5	Ерте пісетін сұрыпты арпа	25 мамырға дейін	30 мамырдан 05 маусымға дейін
6	Орташа пісетін сұрыпты арпа	25 мамырға дейін	30 мамырдан 3 маусымға дейін
7	Сұлы	25 мамырға дейін	25 мамырдан 30 мамырға дейін
8	Қарақұмық	25 мамырға дейін	20 мамырдан 27 мамырға дейін
9	Тары	25 мамырға дейін	25 мамырдан 30 мамырға дейін
10	Ноқат	18 мамырға дейін	13 мамырдан 18 мамырға дейін
11	Асбұршақ	25 мамырға дейін	20 мамырдан 27 мамырға дейін
12	Қытай бұршақ	25 мамырға дейін	22 мамырдан 28 мамырға дейін
13	Жасымық	25 мамырға дейін	23 мамырдан 30 мамырға дейін
14	Рапс – егісі дәстүрлі сүрі жер бойынша	20 мамырға дейін	12 мамырдан 20 мамырға дейін
15	Рапс – егісі минималдық-нөлдік сүрі	25 мамырға дейін	20 мамырдан 28 мамырға дейін
		25 мамырға	18 мамырдан

16	Зығыр, қыша	дейін	25 мамырға дейін
17	Май дәніне арналған күнбағыс	20 мамырға дейін	15 мамырдан 20 мамырға дейін
18	Қара бидай	25 мамырға дейін	20 мамырдан 26 мамырға дейін
19	Картоп	25 мамырға дейін	15 мамырдан 30 мамырға дейін
20	Сүрлемге арналған жүгері	20 мамырға дейін	16 мамырдан 20 мамырға дейін
21	Сәбіз (тұқым)	20 мамырға дейін	10 мамырдан 20 мамырға дейін
22	Пияз (тұқым)	20 мамырға дейін	10 мамырдан 20 мамырға дейін
23	Қызылша	25 мамырға дейін	25 мамырдан 5 маусымға дейін
24	Қияр	25 мамырға дейін	16 мамырдан 5 маусымға дейін
25	Орамжапырақ көшеті	25 мамырға дейін	25 мамырдан 12 маусымға дейін
26	Қызанақ көшеті	25 мамырға дейін	28 мамырдан 12 маусымға дейін
27	Бидай технологиясы бойынша сүрлемге жүгері	20 мамырға дейін	16 мамырынан 20 мамырына дейін
28	Сүрлемге күнбағыс	24 мамырға дейін	18 мамырынан 24 мамырына дейін
29	Жасыл жемге бір жылдық шөптер (сұлы, бұршақ, бұршақ + сұлу + арпа), пішен (судан шөбі, тары, могар, сұлы + вика) және пішендеме (сұлы + арпа + бұршақ, сұлы + бұршақ, тары + бұршақ)	25 мамырға дейін	5 мауысымынан 10 мауысымына дейін
Жасыл конвейер: (біржылдық шөптер)			
30	I мерзім (бұршақ + сұлы)	10 мамырға дейін	8 мамырынан 10 мамырына дейін
31	II мерзім (сұлы + арпа + бұршақ + бидай, судан шөбі + бұршақ, тары +	25 мамырға	23 мамырынан

	бұршақ)	дейін	25 мамырына дейін
32	III мерзім (бұршақ + сұлы + арпа, судан шөбі + бұршақ, сұлы + бұршақ)	25 мамырға дейін	8 мауысымынан 10 мауысымына дейін
33	IV мерзім (рапс, сұлы)	25 мамырға дейін	8 шілдесінен 10 шілдесіне дейін
Көп жылдық шөптер			
34	I мерзім Жоңышқа Түйежоңышқа Эспорцет Таусағыз Кострец Еркекшөп	15 мамырға дейін	5 мамырынан 15 мамырына дейін
35	II мерзім Жоңышқа Түйежоңышқа Эспорцет Таусағыз Кострец Еркекшөп	25 мамырға дейін	5 шілдесінен 20 шілдесіне дейін
36	Күздік қара бидай (жергілікті жемге)	25 мамырға дейін	10 тамызынан 15 тамызына дейін